

Дәрістің тақырыбы: Спорттық дайындық, спортқа іріктеу, оның қоғамдағы маңызды рөлі

Қарастырылатын сұрақтар:

Спорттың қоғамда атқаратын қызметі.

Спортты ұйымдастыру

Спорт түрлері (типтері)

1. Спорттың қоғамда атқаратын қызметі.

Спорт - адамдар өмірінде тарихи қызмет атқарып келеді. Оның әр түрлі деңгейдегі, өтілетін жарыстар арқылы жеңімпаздар анықталып, көрсеткіштері белгіленеді. Спорттың саяси мазмұны бүкіл дүниежүзілік жүйе негізінде құрылған. Оның құрылымдары әр түрлі бірлестіктен тұрады: атап айтқанда спорт жөнінде Халықаралық бірлестік, спорт түрлерінен Халықаралық федерация, спорттың техникалық түрлерінен Халықаралық бірлестік және Халықаралық туристік ұйым. Спорт мәселелері Біріккен Ұлттар Ұйымында (БҰҰ) мемлекеттік тұрғыда қаралады.

Спорт қызметі екі бағытта: жарыс өткізу және арнайы қызмет тұрғысында жүргізіледі. Арнайы қызметке - жаттығу өткізу, спортшыларды іріктеу, төрешілер дайындау жатады. Спорт жұмыстарын өткізу барысында жарыстың күнтізбелік ережесі, жүйелі төрешілер, ал қызмет бағытында ізбасар спортшылар дайындау, арнайы кадрлар, материалдық-техникалық базаны жақсарту және т.б. жұмыстары жүзеге асады.

Спорт қоғамда көптеген қызметтер атқарады: Атап айтқанда:

1. Жарысу (жарыс) қызметі - жарыс жеңімпаздарын, олардың шеберлігін, деңгейлерін, ізбасар спортшылар дайындауды жүзеге асырады.

2. Тәрбиелеу қызметі - бір жағынан өтетін жарыстың тиімділігін арттырса, екінші жағынан - қоғам өміріне белсенді қатысатын мінез-құлықты қалыптастырады.

3. Дене тәрбиесі белсенділігін арттыру қызметі - адамның жан-жақты шынығуын, жаттығу, ойын техникасын, өте қажетті қимыл дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

4. Мәдени-сауықтыру қызметі - адамдардың денсаулығын нығайтуға, белсенді дем алуға, дене тәрбиесі жөнінде мәдени-эстетикалық көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

5. Танымдық қызметін қалыптастыру - бұл спорт жаттығулары арқылы қиын сәттерде адамның функционалдық, психикалық мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағытталған.

6. Халықтар арасында достықты, өзара түсінушіліктік қалыптастыру қызметі - Олимпиадалық ойындардың негізін қалаушы Л.Кубертэннің «Спорт - бейбітшілік елшісі!», «Спорт - халықтар арасындағы бейбітшілікті, достықты нығайту құралы!», - деген ұраны.

7. Көркемділік қызметі - адамдарды әр түрлі деңгейдегі спорт жарыстарына көптеп қатыстыра отырып, спорттың көркем көріністеріне сүйсіну, ләззат алу арқылы спортқа көптеп тарту.

8. Экономикалық қызметі - спортты дамыту үшін қаржы көздерін табу болып табылады. Лотерея билеттерін сату, түрлі оқулықтар дайындау, спорт жарыстарын өткізу, мамандардың, жаттықтырушылардың, спортшылардың шетел фирмаларымен коммерциялық шартқа тұру арқылы демеушілерді қатыстыру жолдарымен жүзеге асады.

9. Беделін көтеру қызметі - әр мемлекеттің абыройын асырып, мәртебесін көтеру мақсатын көздейді.

2. Спортты ұйымдастыру.

Барлық ұлт өкілдерінің қатысуымен халықаралық деңгейде қаралады. Халықаралық деңгейде қазір 60-тан астам дене тәрбиесі бірлестіктіктері бар. Атап айтқанда Халықаралық дене тәрбиесі және спорт жөніндегі бірлестік, Халықаралық Олимпиадалық комитет (ХОК), Олимпиадалық конгресс, Ұлттық Олимпиадалық комитет (ҰОК), Халықаралық спорт федерациясының Бас ассоциациясы. Спорт түрлерінен Халықаралық бірлестіктер (олардың саны қазіргі таңда 180-нен астам) Ғылым жөніндегі Халықаралық ұйым, Африка-Азия елдері ойындарының федерациялары. Ұлттық ойындар федерациясы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті (ҚР ҰОК) 1990 жылдың 3 ақпанында құрылып, 1992 жылдың наурыз айында ХОК тарапынан ресми түрде танылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің Президенттері:

1. Досымбетов Тимур Камалұлы (1990-1992 жж.);
2. Әлиев Рахат Мұхтарұлы (2002 жылдың 10 ақпаны мен 15 тамызы аралығында);
3. Ақпаев Аманша Сейсенұлы (1992-2002 жж.);
4. Досымбетов Тимур Камалұлы (2002-2006 жж.);
5. Досмұхамбетов Темірхан Мыңайдарұлы (2006-2015 жж.);
6. Құлыбаев Тимур Асқарұлы (2015-2024 ж.ж.);

7. Головкин Геннадий Геннадиевич (2024 жыл, 26 ақпаннан бастап).

Спорттың негізгі ұйымдастырушы факторы болып, жарыс ережелері, жарыс кестесі және классификациялық жүйесі жатады. Жарыс тәртібінде - жарыс нәтижесін тіркеу әдісі, жарыс жеңімпазын анықтау жүйесі дәл көрсетіледі. Жарыс ережесінде - жарыстың мақсат-міндеті, өтетін орны, мерзімі, уақыты, қаржыландыру көзі, жеңімпаздарды анықтау жүйесі көрсетіледі.

Классификациялық жүйеде: - спортшылардың дайындық деңгейлері анықталады. Ол бірыңғай спорттың классификациясы нормативінің негізінде жүзеге асады. Ол төрт Олимпиадалық цикл мерзіміне арналып бекітіледі. Мұндай жүйе спортшылардың, жаттықтырушылардың спорттық шеберліктерінің тоқырап қалмай үнемі дамуына, жетілуіне ықпал етеді.

Спорт жарыстарының мақсаты ең үздік спортшыларды, командаларды анықтау. Жарыс арнайы бекітілген ережеге сай өткізіледі.

Жарыс мақсатына сай дайындық, негізгі іріктеу, бақылау, көпшілік-бұқаралық, коммерциялық болып өтіледі. Дайындық жарыс - негізгі жарыс алдында өтіледі. Негізгі жарысқа Олимпиадалық ойындар, Еуропалық, Дүниежүзілік біріншіліктер жатады. Іріктеу жарысы - құрама команданы жасақтау мақсатында өтіледі. Бақылау жарысы - спортшылар дайындығына бақылау, өзгерістер мен түзетулер енгізу мақсатында, ал коммерциялық жарыс - спорт қызметтерін, жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында өткізіледі.

Құрамы жағынан жарыстар қатысушылардың жасына, дайындық деңгейіне, жынысына, территориялық, салааралық жағдайында және жекелей, командалық, ашық, жабық болып өтіледі. Сол сияқты спорт жарыстары тікелей кездесу арқылы және сырттай да өткізіледі.

Өтілу мерзіміне сай жарыстар екі жылда бір рет, 4 жылда бір рет, дәстүрлі - жыл сайын, орны жағынан жабық залда, ашық ауада, таулы ортада, тегістікте өткізіледі.

Жарыстың жүргізілуіне сай - тікелей қатынаста болатын (күрес) кезек-кезек қатынаста (фехтование) сырттан әсер етпейтін (гимнастика, жеңіл атлетика, жүзу) қарама-қарсы кедергілер жасау арқылы (баскетбол, жекпе-жек және т.б.) мақсатында өтіледі.

Жарыста төрешілік ету, жеңімпазды анықтау барысында - субъективті бағалау арқылы (гимнастика, спорт ойындары) және объективті баға беру (жүгіру, лақтыру, секіру) ұтылғаннан соң шығып қалу (әр түрлі кездесуден кейін) жағдайында өтіледі. «Алтын шайба», «Үміт сөресі», «Былғары доп», «Жас барыс» жарыстары оқушылар арасында өткізіледі.

Спорт түрлері (типтері) - спортшылардың дайындығына, ұйымдастыру, басқару, дамыту қызметінің мазмұнына сай бірнеше түрлерге бөлінеді:

1. Жоғарғы көрсеткіштерге жету мақсатындағы спорт - көркемдік, тәрбиелік, жарысушылық қызметін атқарады. Дүниежүзілік спортта - бұл негізгі өзекті ұғым ретінде қалыптасқан. Мұның негізгі көрсеткіші - дүниежүзілік рекорд жасау, жүлделі орындарға ие болу. Осының нәтижесінде спортшыларға, жаттықтырушыларға, төрешілерге, қосалқы қызметкерлерге баға беріледі. Бұл үлкен спорт кеңістігінде үздік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін спортшылар 5 жылдан 10 жылға, оданда көп мерзімінде 50-100-ге дейін әр түрлі жарыстарға қатыса алады. Олар жақсы жабдықталған спорт залдарда, білікті жаттықтырушылар, төрешілер, дәрігерлер басшылығымен жаттығады. Спортшыларға жаттығу барысында үлкен психикалық, физиологиялық жүктеме түседі.

2. Бұқаралық спорт - адамдардың қимыл белсенділігін арттыруға бағытталған тәрбиелеу, дене тәрбиесі белсенділігін, сауықтыру, мәдени, өндірістік мақсаттарын жүзеге асырады. Бұқаралық спортта шұғылданушыларға жас жағынан шек қойылмайды. Шұғылданушылар арнайы іріктелмейді. Әркім өзінің жұмыс істейтін, дем алатын, білім алатын оқу орындарында кез-келген уақытта өзіне ыңғайлы спорт түрімен шұғылдана алады. Спорт жарыстарына қатысу арқылы әркім өзінің дене дайындығының деңгейін біле алады.

3. Жасөспірімдер спорты - болашақ үздік спортшылардың ізбасарларын дайындау мақсатында ұйымдастырлады. Жарыс, тәрбие, таным, сауықтыру, мәдени қызметтерін жүзеге асырады. Балалар спорты үлкен спортпен тығыз байланыста қарастырылады. Балалар бойында жақсы мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал етеді. Бүкіл сынып, мектеп, ата-аналар, мұғалімдер болып әр түрлі жарыстарға қатыса алады.

4. Кәсіби спорттың мақсаты - спортшының үздік нәтижеге қол жеткізуі арқылы жүлде алуға, қаржы табуға бағытталған. Жарыс, көркемдік, экономикалық, мәртебелік қызмет атқарады. Оның тәрбиелік, сауықтырушылық мәні үлкен.

Бұл спорт жарнамасы арқылы өзін-өзі қаржыландыру нәтижесінде пайда табу үшін ұйымдастырылады. Кәсіби спорттағылар арнайы заң ережесімен қамтамасыз етілген. Өйткені оның кәсібі - спорт.

Спорт түрлері - өздерінің ерекшелігіне тән ережеге сай бөлінеді. Спорт тарихи даму дәрежесіне қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Оның

60-тан астам түрі қазір Халықаралық деңгейде танылды. Әр мемлекетте өздерінің ұлттық ойындары бар. Олардың саны қазір 100-ден асады.

Спорт түрлері спортшылардың қанағат алуына байланысты негізгі 7 топқа бөлінеді:

1-топқа спортшыдан үлкен нәтиже көрсету үшін қимыл мүмкіндікті қажет ететін түрлері (жеңіл атлетика, гимнастика, спорт ойындары, бокс, күрес түрлері және т.б.);

2-топқа техникалық құралдарды қолдану арқылы орындалатын түрлер (мотоцикл, ұшақ, яхта және т.б.);

3-топқа көздеуге байланысты түрлері (мылтық, садақ, пистолет ату және т.б.);

4-топқа модельдік-конструкторлық мылтық түрлері (авиамоделі);

5-топқа абстракты-логикалық ойлау арқылы қарсыласты жеңу түрі (шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ).

6-топқа кибер спорт (компьютермен ойналады).

7-топқа ат үстіндегі ойын түрлері (бәйге, көкпар, жамбы ату, теңге ілу, аударыспақ, қыз қуу және т.б.).

Бақылау сұрақтары:

Спорттың қоғамда атқаратын қызметі?

Спортты ұйымдастыру?

Спорт түрлері (типтері)?

Әуесқой спорт пен кәсіби спорттың ерекшелігі?

Олимпиада бағдарламасына енетін спорт түрлері мен енбейтін спорт түрлерін атап көрсетіңіз?

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Ботағариев Т.А. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі / Оқу құралы. – Ақтөбе, 2017. – 240 б.

2. Холодов Ж.К. Теория и методика физической культуры и спорта. – М.: 2018. – 496 с.

3. Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: «Эверо», 2019. – 309 б.

4. Есіркепов Ж.М. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі / - Алматы: Адал-кітап, 2021. – 289 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аманбаев Р.Р. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері. Оқу құралы 2014. – 200 б.

2. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 4-ні кітап. Оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 368 б.

3. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физической культуры и спорта. (15-е) изд. «Москва» 2018. – 250 с.
4. Құланова Қ.Қ, Марчибаева Ұ.С. Таңдаған спорт түрінен жалпы және арнайы дене дайындығы. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2018. – 185 б.
5. Әбділлаев Ә.К. Таңдап алған спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі. Оқулық, Түркістан: «Тұмар», 2017. – 217 б.
6. Масалова О.Ю. Теория и методика физической культуры. Учебник. Ростов-на Дону. «Феникс», 2018. – 245 с.
7. Уаңбаев Е.Қ. Дене тәрбиесінің негіздері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 2000. – 72 б.